

## Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 262-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 04 қазанда № 8779 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 5 маусымдағы № 204-ө бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 05.06.2014 № 204-ө бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 51-38) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама нысаны б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 2 наурыздағы № 16-02/88 «Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама нысанын бекіту туралы» бұйрығының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7465 тіркелген, 2012 жылдың 26 мамырдағы № 269-273 (27347) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оның ресми жарияланғанын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің жетекшілік етуші вице-министріне жү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Н. Қаппаров*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у м и н и с т р і н і ң

2013 жылғы 27 тамыздағы

№ 262 - ө бұйрығымен

бекітілген

нысан

## Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Балық шаруашылығы комитеті

(уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің атауы)

### Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама

(заңды /жеке тұлғаның атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) ,

жануарлар әлемін пайдалануға арналған \_\_\_\_\_

рұқсат көшірмесінің негізінде нөмірі \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_).

Пайдаланушы туралы ақпарат:

№ р/р	Су айдынының және (немесе) учаскенің атауы:	Балық және басқа да су жануарларының түрлері	20_ жылдан 20_ жылға дейін бекітілген квота ( тонна)	20_ жылдың «_» _____ жағдай бойынша ауланғаны (тонна)
1				
2				
3				
Жиыны:				

Жөнелтпе көліктік құжаттың нөмірі және күні (Пайдаланушыны алып тастағанда )

Сату-сатып алу келісімшартының нөмірі және күні (Пайдаланушыны алып тастағанда )

Инспекция балықтың қайда ауланғанын растайды:

№ р/р	Балықтың саны (тонна)	Балықтың түрі
1.		
2.		
3.		
Жиыны:		

Анықтаманың берілген күні 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

(аумақтық бөлімше басшысының тегі, аты, әжесінің аты (бар болған жағдайда))

Мөр орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК